

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

## М.Шаханов «Әке үкімі»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.11.2019

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/62920/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

ҰМЖ тарауы	7.4.3. Тәрбиенің қайнар бұлағы
Сабақ : Қазақ әдебиеті	Мектеп: №112
Күні	Мұғалімнің аты-жөні:Ахметжанова Гүлшат Амангелдіқызы
Сыныбы: 7	Қатысқандар: 24 қатыспағандар: 0
Сабақтың тақырыбы	М.Шаханов «Әке үкімі»
Осы сабақтағы қолжеткізілетін оқу мақсаты	7.А/ИЗ. Көркем шығарманың тілі, шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау
Сабақтың мақсаты Тапсырманы күтілетін нәтижеге сай саралау	<b>Барлығы:</b> Әдеби шығарма мазмұнының түсінеді, көркемдеуші құралдарды анықтайды. <b>Көпшілігі:</b> Көркемдеуші құралдарға өткен сабақтардан мысал келтіреді, қолданады. <b>Кейбіреуі:</b> Кейіпкерлердің образын талдай отырып, портреттік мінездеме береді.
Бағалау критерийлері	1. Поэмаға тілдік талдау жасай отырып, көркемдеуші құралдарды (қайталау түрлері-эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрау және метафора) анықтайды. 2. Кейіпкерлерге ассоциация жасай отырып, символ, синекдоханы түсіндіреді.

<b>Тілдік мақсат</b>	<p><b>Оқушылар орындай алады:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>· Олеңнің мазмұнының идеясы мен тақырыбын түсінеді.</li> <li>· Әдеби-теориялық ұғымды есте сақтайды.</li> </ul> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> Шомбал, жүзіқара, шатқал, әдіп; символ, синекдоха</p> <p><b>Образды ашуға арналған пайдалы тіркестер:</b> Залым бала, қызғаншақ әке, ғашық ана, парасат иесі, надан ұрпақ, ызалы ұрпақ, меңіреу дала, нар көңіл, үміт-қызығы</p>	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	<b>Тарих, Өзін-өзітану</b>	
<b>Тақырып бойынша алдыңғы білім</b>	Автор бейнесі: эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтай алады.	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	«Мәңгілік ел»: патриоттық сезімі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер ұрпақтың рухани қалыптасуына ықпал жасау	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> <b>3 минут</b>	<p><b>1.Ұйымдастыру кезеңі.</b> Сәлемдесу «Сендер менің жұлдызымсыңдар» деп мақтап, метафоралық сөз қолдану арқылы тілек білдірушілерге бір бірін мадақтауға мүмкіндік беру.</p> <p>2. Топтастыру. Стикерге анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрау деп жазып өздеріне тиген стикердегі сөздерге қарай 4 топқа топтастыру. (Еске түсір, анықта, топтас)</p>	«Жүректен жүрекке»  стикер
<b>Үй тапсырма сұрау</b> <b>3 минут</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. М. Шаханов кім?</li> <li>2. Қандай шығармаларын білеміз?</li> <li>3. Шығармаларынан бөлек халқына жасаған қызметтерін атап өтсек...</li> <li>4. Махамбет пен Шахановтың ұқсастығы</li> </ol>	А4 қағазында дайындалған үй тапсырма сұрақтары топтарға жеке таратылады
<b>1 мин.</b>	<p><b>Жаңа сабақ. «Әке үкімі»</b> — Ал енді, балалар, елім деп еңіреген, өз өлімін көріпкелдікпен болжаған алып тұлғаның ажалы қалай болғандығын білгілерің келе ме? Ендеше біздің бүгінгі сабағымыз Махамбеттің өлімі кімнен келгендігі, өлтірген адамның тағдыры қалай шешілгендігі жайлы болады. Бұл поэманың да авторы — Мұхтар Шаханов «Әке үкімі».</p>	Оқулық, тақта

2 мин.	Тыңдалым.«Әке үкімі» поэмасын тыңдайды.	Аудиотаспа
--------	---	------------

<p>Сабақтың ортасы 5 мин.</p>	<p><b>Жаңа тақырып:</b> <b>Оқылым. Мәтінмен жұмыс:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>· I топ- поэмадан анафоралық қатарды табу;</li> <li>· II топ- аллитерациялық қатарды табу;</li> <li>· III топ- поэмадан ассонансқа мысал табу;</li> <li>· IVтоп- риторикалық сұрау қолданылған өлең жолдарын анықтау.</li> </ul> <p><b>I топ:</b> Аққу моделінің мойын бөлігіне Махамбеттің мінездемесін жазу; <b>II топ:</b> оң қанатына — поэмадағы әке образына ассоциация жасау; <b>III топ:</b> сол қанатына — поэмадан бала бейнесіне ассоциация жасау; <b>IV топ:</b> Аққу моделінің дене бөлігіне поэмада кездесетін барлық көркемдегіш құралдарды атап жазу.</p>	<p>Маркер, оқулық, А3</p>
<p>7 мин.</p>	<p><b>Тапсырманы бекіту сұрақтары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Екі қанаттың ортасын нендей ұқастықпен толырар едіңіз? (ұрпақ сабақтастығын түсіндіреді)</li> <li>2. Поэмамен аққудың нендей байланысы бар деп ойлайсыңдар? (тұжырымдайды)</li> <li>3. Символ дегеніміз не?(анықтайды)</li> </ol> <p><b>Топтардың өзара бағалау критерийі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Поэмадағы көркемдеуіш құралдарды шатастырмай табу;</li> <li>2. Образдарды шебер суреттеу;</li> <li>3. Топтың ұжымдасып жұмыс жасауы;</li> <li>4. Уақыт тиімділігін сақтау;</li> </ol>	<p>Аққу формасында қиылған плакат, маркер</p>
<p>1 минут</p>		<p>Балдық жүйе бойынша</p>

